

С.АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШҚУ ДАЙДЖЕСТІ

Amanzholov University-дің спорт жетістіктері, 2024 жыл

ЖАС СПОРТШЫ МАҚСАТ ЕРЛАНҰЛЫНЫҢ ЖАРҚЫН ЖЕҢІСІ



Индияда әлемнің оннан астам елінен мықтылар қатысқан Халықаралық кикбоксинг турнирі өтті. Біріншілікте 75 келіге дейінгі салмақта ШҚУ-дың студенті Мақсат Ерланұлы қарсылас шақ келтірмей бірінші орын алды. Чемпион университеттің «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 2-курс студенті.

[Толығырақ](#)

ШҚУ СТУДЕНТТЕРІ ЕСКЕК ЕСУДІҢ СЛАЛОМ ТҮРІ БОЙЫНША АЗИЯ ЧЕМПИОНДАРЫ АТАНДЫ



Паттайя қаласында (Тайланд) жастар мен жасөспірімдер арасындағы слаломды ескек есу спорты бойынша Азия чемпионаты аяқталды. Турнирде ШҚУ студенттері Виктория Маисеева мен Влада Тараданова командалық жарыста алтын медальді қанжығаларына байлады.

[Толығырақ](#)

ШҚУ СТУДЕНТІ MMA FREE FIGHTING ЖЕҢІМПАЗЫ АТАНДЫ



Елордада ережесіз жекпе-жекпен Әлем біріншілігі өтті. Жарыста С. Аманжолов атындағы ШҚУ студенті Бақжанар Нұрланбекұлы 61 келі салмақ дәрежесінде бірінші орынға ие болды. Ауқымды сайысқа Қазақстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан мен Ресей мықтылары қатысты.

[Толығырақ](#)

ШҚУ СТУДЕНТІ АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНДА БІРІНШІ ОРЫНДЫ ИЕЛЕНДІ



С. Аманжолов атындағы ШҚУ-дың дене шынықтыру және спорт ББ 1-курс студенті Жалғас Төреханов жасөспірімдер арасында армрестлингтен өткен Азия чемпионатында бірінші орынды иеленді.

Айта өту керек, чемпионат Өзбекстан мемлекетінде Ташкент қаласында өтті.

[Толығырақ](#)

ШҚУ МАГИСТРАНТЫ 2024 ЖЫЛҒЫ ПАРИЖ ОЛИМПИДАСЫНЫҢ АЛТЫН МЕДАЛІН ЖЕҢІП АЛДЫ



С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінде нағыз спорт жұлдызы — Ақмарал Науатбекпен кездесу өтті. Талантты спортшы және С.Аманжолов атындағы ШҚУ-дың «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының магистранты 2024 жылғы Париж Олимпиадасында алтын медаль жеңіп алып, өзінің спорт түрінде үздік екенін дәлелдеді.

[Толығырақ](#)

«СӘЛЕМ, ЖОО» ЖЕҢІЛАТЛЕТИКАЛЫҚ КРОСС ӨТТІ



Amanzholov University-де жыл сайынғы жеңілатлетикалық кросстың салтанатты ашылу рәсімі өтті. Бірінші курс студенттері мен оқытушыларды «Сәлем, ЖОО» спорттық жарысы бір арнаға біріктірді. Жеңілатлетикалық жарыс «Самал» саябағындағы спорт алаңында өтті. Іс-шараның міндеті — спорт арқылы студенттерді жаңа білімге шабыттандыру.

[Толығырақ](#)

С.АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШҚУ ДАЙДЖЕСТІ

Amanzholov University-дің спорт жетістіктері, 2024 жыл

ШҚУ СТУДЕНТІ ДОХАДА ӨТКЕН ЧЕМПИОНАТТА JEŪMPAZ АТАНДЫ



Индияда әлемнің оннан астам елінен мықтылар қатысқан Халықаралық кикбоксинг турнирі өтті. Біріншілікте 75 келіге дейінгі салмақта ШҚУ-дың студенті Мақсат Ерланұлы қарсылас шақ келтірмей бірінші орын алды. Чемпион университеттің «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 2-курс студенті.

[Толығырақ](#)

РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ ОРАЙ 100 СПОРТШЫ JEŪЛ АТЛЕТИКАДАН ЖАРЫСҚА ҚАТЫСТЫ



Жеңіл атлеттер, боксшылар, суға жүзушілер, слаломшылар, волейболшылар және басқа да көптеген спортшы студенттер дәстүрлі шараға қатысып, «Қазақстан» тауын бағындырды. С. Аманжолов атындағы ШҚУ жыл сайын Республика күнінің тарихи маңыздылығын бекіту және еліміздің басты ұлттық мерекесінің маңыздылығын көрсету үшін жеңіл атлетикадан жарыс өткізеді.

[Толығырақ](#)

ШҚУ СТУДЕНТІ – ҚР ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ КҮМІС ЖҮЛДЕГЕРІ



Алматы қаласында найза лақтырудан Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Педагогика жоғары мектебінің студенті Алексей Хлыстов найза лақтырудан 63.66 метр нәтижемен екінші орынға ие болды.

[Толығырақ](#)

ШҚУ СТУДЕНТІ ШОРТ-ТРЕКТЕН ҚР ЧЕМПИОНАТЫНДА КҮМІС JEŪІП АЛДЫ



Amanzhokov University студенттері ұлттық және халықаралық аренада жоғары нәтижелерге қол жеткізетінін тағы бір мәрте дәлелдеді. Олардың қатарында екінші курс «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының студенті Құмарқан Зейнеп 2023 жылдың 1-5 қазан аралығында Астанада өткен Қазақстан Республикасы чемпионатында 500 метр қашықтықта күміс медаль иегері атанды.

[Толығырақ](#)

ШҚУ СТУДЕНТІ ШОРТ-ТРЕКТЕН ӘЛЕМ КУБОГЫ KEZEŪІНІҢ JEŪІMPAZДАРЫ ҚАТАРЫНДА



Херенвен қаласында (Нидерланд) шорт-тректен жасөспірімдер арасындағы Әлем Кубогының кезеңі өтуде. Қазақстанның жас шорт-трекшілері бұл жарыста намысты қолдан бермеді. Сенсациялық нәтижеге қол жеткізіп, 3000 метрлік командалық эстафетада екінші орын алды. Тіпті, отандық спортшылар Нидерланд, Канада сияқты әлемнің ең мықты құрама командаларын басып озды.

[Толығырақ](#)

AMANZHOLOV UNIVERSITY СТУДЕНТІ КИКБОКСИНГТЕН ӘЛЕМ КУБОГЫНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРІ АТАНДЫ



ШҚУ студенті Мақсат Ерланұлы «Wako World Cup» халықаралық кикбоксинг турнирінде үшінші орынға ие болды. Ол 75 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде 20 адамның ішінен үздіктер қатарында енді.

[Толығырақ](#)